

УДК 82:81-26

АҚЫН ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНДЕГІ ЭПИТЕТ ПЕН ТЕҢЕУ ҚОЛДАНЫСЫ

*Есіркепова К.Қ.,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ*
*Қанапина С.Ф.,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ*
*Қали А.Ә.,
3 курс студенті, ҚМПИ,
Қостанай қ., Қазақстан*

Аннотация

Ғылыми мақала ақын Т. Молдағалиев поэзиясы тіліндегі эпитет және теңеулердің стильдік қызметін анықтауға арналған. Мақалада ақын тіліндегі аталған айшықтау түрлерінің қолданыс ерекшелігі, бейнелілігі, түрлері талданған. Сонымен бірге эпитет пен теңеудің қазақ тіл біліміндегі зерттелуіне қысқаша шолу жасалған. Мақалада ақын тіліндегі мазмұнды, бейнелілігі ерекше өлеңдер тілі талдауға түскен.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности эпитетов и сравнений в поэзии Т. Молдағалиева. Также раскрываются их стилистические особенности, образность, мотивация, содержание в контексте. В статье представлено краткое изложение исследования данных стилистических фигур в поэзии Т. Молдағалиева.

Abstract

In article features of epithets and comparisons in T.Moldagaliyev's poetry are considered. Also their stilitchesk features, figurativeness, motivation, the contents in a context reveal. In article the summary of research of data the stilitcheskikh of figures in T.Moldagaliyev's poetry is covered.

Түйінді сөздер: *дос, аға, тіл, сөз, эпитет.*

Ключевые слова: *друг, дядя, слово, эпитет.*

Key words: *friend, uncle, words, epithet.*

1. Кіріспе.

Бұл дүние ең хикметті де тылсым нәрсе зарығу мен шамырқану сынды қос нүктеден жалғанын табатын адам пендесінің ішкі жан дүниесі. Махабат пен сүйспеншілік зарығу аясына жатады. Оның қанағат табатын сәті болмайды. Ол әншейін адам жанының аса нәзік әрі шекарасы қиыспаған ғаламат қуатты, көздің көру аясынан мүлде сырт жатқан қыл шегіне дамылсыз соғылып, киелі күй болып, құйылып тұрған қомағай үн. Егер, сөзді тура өз мағынасында қояр болсақ, бұл дүниеде зарығу мен шамырқанудан құралмайтын еш нәрсе жоқ. Табиғат дүниесі де осыған сәйкес. Дегенмен, бұл тұрғыдан айтқанда табиғат дүниесі мен біздің арамызда шұбалған ұзақ бір цифр жатыр. Тұманбай Молдағалиев жырлары міне осы ұзақ цифр бір-біріне қоспай алшақтатып тұрған тылсым күллі дүниені ту сыртынан оттай ыстық құшағымен қапсыра құшақтап, сонан соң өз бойынан бұл әлемге жылылық пен нәр ғана бағыштайтын зарлық пен еміреніске толы алау атқан жүрегінің киелі лүпілі арқылы майдай ерітіп жібереді де, әлгі ұзақ цифрды екі бағыттан қаусыра ығыстырып, өзінің басталу нүктесінен бірақ шығарады.

2. Талқылау.

Ғалым З. Қабдолов өз еңбегінде эпитет жайлы былай дейді: тіл байлығын игеру, сөз қорын молайту бір бар да, сол бай тіл мен мол сөзді әдеби шығармада суреткерлік шеберлікпен қолдану бір бар (Қабдолов З., 1992, 204 б.).

Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз”. (Қабдолов З., 1992, 245 б.).

Зерттеуші – ғалым А.Д. Есқараева өзінің кандидаттық диссертациясында эпитет туралы былайша тұжырымдайды: «тілдің аса пәрменді көркемдеу, бейнелеу тәсілдерінің бірі – эпитеттің құрылымдық, лексика – семантикалық, структуралық ерекшеліктері» көптеген зерттеуші – ғалымдардың еңбектеріне арқау болды. Мәселен, эпитет мәселесі орыс тіл білімінде А. Зеленецкийдің, Л.И. Тимофеев, В. Сорокиннің, Д.Э. Розентальдың, қазақ тіл білімінде А. Байтұрсыновтың, Қ. Жұмалиевтің, З. Қабдоловтың, Р. Сыздықованың т.б. еңбектерінде сөз болды.

Қазақ тіліндегі тұрақты эпитеттің тілдік табиғатын арнайы қарастырған Г.Ө. Мұхаметқалиеваның кандидаттық диссертациясында эпитетке былайша анықтама беріледі. «Эпитет» дегеніміз – екі немесе одан да көп компоненттен тұратын, өзара қабыса байланысқан, көркем бейнелі, образды сөз тіркесі.

Демек, эпитет – адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсету, олардың бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой – қиялына әсер ету үшін қолданылатын көркем сөз образы”. (Есқараева А.Д. З. Шүкіровтің поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар: филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2003, 11 б.).

Зерттеуші – С.Ф. Қанапина «Қазақ тіліндегі мақал – мәтелдердің танымдық бейнелілігі» (Ф. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде) атты монографиялық еңбегінде эпитетке тоқталып өтеді. Академик М. Балақаев өз еңбегінде: «Суреткердің өз – өзіне тән тіл шеберлігін сөздің көркемдік қасиетін талдағанда сөз бен образ арасындағы осы бір стильдік нәзіктікті яғни жеке сөздердің қолданылуындағы ерекшеліктердің бәрі жиналып келіп тұтас контекстік мән алатындығы, ойды бейнелі, нақты, шынайы көрсету үшін эпитетсіз елестету мүмкін емес» – деп өте ұтымды тұжырым жасаған.

Қазақ тіліндегі эпитеттер басқа тілдегі сияқты негізінен зат есімнен, сын есімнен, есімше, көсемше етістіктері арқылы жасалады.

Эпитет туралы А. Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсіретін етіп айтқымыз келгенде ол нәрсенің атына айқын көрсететіндей сөз қосып айтамыз, сондықтан айқындаудың өзге түрі көркейту деп айтылады» – деп эпитетке анықтама берді. Көркейту дегеніміз – эпитет термині ретінде алынған. (Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ф. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде), 2010, 180 б.)

Зерттеуші – К.Қ. Есіркепова «1960–1980 жылдардағы әйел – ақындар поэзиясының тілі» (Ф. Оңғарсынова, М. Айтқожина, А. Бақтыгереева, К. Ахметова шығармалары негізінде) атты монографиялық еңбегінде эпитетке тоқталып өтеді: «Эпитет» – тіл өрнегіндегі өте жиі көрінетін әрі бояу ерекшелігі де құбыла құлпырып келетін құбылыс.

Эпитет, айтарыңды анықтау, әрі нақтылап ерекше, айырма сипат табатын суретті сөз.

«Халықтың жалпы тілінде болса да, өзіне дейінгі әдебиетте аз қолданылатын сөзбен сөйлемдерді орнықты, заңды, басқаша түрде әдебиетке енгізуді жаңалық деп қарауымыз керек», – деп ғалым Қ. Жұмалиев жазады.

Эпитет жайында айтылып жүрген теориялық пайымдауларда әлі күнге дейін бірізділік жоқ сияқты. Мысалы, Л.И. Тимофеев: «Кең мағынада қандай болса да бір ұғымды анықтап, айқындап, сипаттап және тағы басқа тұратын әрбір сөз эпитет болады. Бізде осы уақытқа дейін эпитет – көркем анықтауыш, реңді, бейнелі және тағы сол сияқты, ал жай анықтауыш сөз болғанда мұндай көркемдік болмайды деген есеппен, эпитет деген ұғымды (көркем анықтауыш) анықтауыш сөз деген ұғымнан бөліп қарауға жиі ұмтылу бар...бұл бөлу бұрын

ескертілгендей, поэтикалық тілді ерекше, бейнелі деп қарау талабына байланысты. Біздіңше бұл дұрыс емес”, – дейді.

Кез келген сөз жеке тұрып та не болмаса алдынан, артынан анықтайтын сөздермен келіп те бейне жасай береді. Олай болса, эпитет – бейнені айқындап, көріктеп тұратын көріктеу құралы. Р. Сыздықова: «Эпитет» – адамның, заттың, құбылыстың, бір белгісін, сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің айырмасы бар. Жай анықтауыш заттың, құбылыстың, адамның өзіне тән қалыпты сынын (белгісін, қасиетін, түрін, түсін т.б.) білдірсе, эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп көрсетеді, өйткені бұл белгі сол заттың, адамның, құбылыстың, табиғи қалыпты белгісі емес”, – дейді”. (Есіркепова К.Қ. 1960–1980 жылдардағы әйел–ақындар поэзиясының тілі (Ф. Оңғарсынова, М. Айтқожина, А. Бақтыгереева, К. Ахметова шығармалары негізінде).

Жоғарыдағы зерттеушілердің эпитет жайында айтқан пікірлерін ескере отырып, тұжырымдайтын болсақ, эпитет көркем шығарма тілінің бейнелі және айшықты болуына үлкен ықпалын тигізеді.

«Ақын қайным» дейтұғын жеңгелер де.

Кетіп қапты бір жаққа желге мініп. (Жақыным да, азайды алысым да, 3 б.).

Ақын, балалық шағы өткен ауылда, бала кезіндегі естеліктердің бірі де қалмағанын, барлығы ұмыт болып бара жатқандығын, тіпті **"ақын қайным"** дейтін асыл жеңгелерінің де бұл ауылдан қашыққа кеткендігін өкінішпен айтады.

Күтпе енді **сұлу қыз**

Бұрышынан бір көшенің. (Жасыңды айтып қайтесің, 8 б.).

Ақын, **сұлу қыз** деп, кескін-келбеті көрікті, ажарлы, өңді, сәнді, әсемдігімен қоса, оның жан сұлулығын қоса айтқан.

Атып келе жатады **аппақ таңы** тірліктің

Балғын жүзін өзінің **аппақ нұрмен** бояған.

(Шал боп кетем ұйқыға бала боп оянам, 14 б.).

Аппақ таң, аппақ нұр – арайлып атқан ақ таңның көркін, жарқыраған сәуле, ағараңдаған жарық, шұғыласын төккен аппақ нұр кіргізіп тұрғандай.

Болғанмен өзі отты адам,

Жалғыздығы ептеп батты оған.

Сол досың бүгін шал бопты

Ақ жүзін әжім қаптаған (Едіге, 19 б.).

Ақын, бала кезіндегі досының жалғыз екенін, жалғыздықтың жанға бататын жара екендігін айта келе, бала достың бүгін шал болып, ақ жүзін әжім басқан бейнесін көрсетеді.

Аспанды айбынымен жабырқатып,

Қара бұлт қап-қара шашын жайды (Басында бардай ашу, қайғы, 20 б.).

Ақын, қара бұлт қап-қара шашын жайды деп, аспаннан жарқырап шыққан күннің бетін, қос қанатын жайған құстай жапқан бұлтты айтады.

Ең **сұлу қыз** еліндегі келе алмайтын маңайыңа,

Шолпан ғана төтеп берді лапылдаған қаныңа (Қали аға ескерткішіне, 25 б.).

Ақын, **сұлу қыз** деп, кескін-келбеті көрікті, ажарлы, өңді, сәнді, әсемдігімен қоса, оның жан сұлулығын қоса айтқан.

Биік тау, жан анамыз **кәрі дала**,

Бір жансың әрі жомарт, әрі дана (31, б.).

Ақын өлеңде, **биік тау** – асқар, заңғар, бәрінен биік тұрып, қарап тұратындай, ал **кәрі дала** деп, шетсіз, шексіз кең даланың адамға әрқашан құшақ жаятын әрі жомарт, әрі дана, яғни дархандығын айтады.

Төре *жайлау* – **жасыл жер**, жуалы бел

Думанды жер, өзінше **дуалы жер**.

(Төрежайлауда жүр екем жұрпен бірге, 34 б.).

Ақын, Төре жайлаудың әсемдігін барынша керемет суреттеген. Көрсө көзің қызар жасыл жерін, думанды жер, дуалы жер деп көрсетеді.

Едігежан, білмедім, бар ма менде

Ұлы жүрек мейірімді өзіндегі (Бар ма мен де сол жүрек, 39 б.).

Ақын **жүректі ұлы** деп, асқан кемеңгер, данышпан, озық ойлы және мейірімді етіп көрсетеді.

Арманшыл жүректегі қанды ойнатып,

Көңілді, намысты да айғайлатып (Өсті, өнді, біздің үйден ұшты бәрі, 43 б.).

Өленді, арманшыл жүрек қанды ойнатып деп, көкейтесті мақсат, тілектің алға қарай ұмтылдырғаны айтылған.

Аппақ гүлдер жауып өткен ақ қардай, сәл маужырап күн көзіне еріп тұр (Өрік гүлдеп, 53 б.).

Аппақ гүл, ақ түсі – адалдықтың, пәктіктің белгісі болса, гүл – түрлі түсті, үлбіреген хош иісті өсімдіктің жалпы аты, яғни ақын, аппақ гүлмен көктем шыға нәзіктікке бөленетін жер бетін көрсетеді

Көктемдегі **көк өзендей** тасимын,

Жалғыз ауыз жаман сөзден жасимын (Тарыққанда табынарым – өлеңім, 66 б.).

Ақын жалғызсырағанда, көк өзендей тасып, ішінде жатқан шер-мұнды өлеңіне сыйдыратындығын, жалғыз ауыз жаман сөзден еңсесінің басылып қалатындығын айтады.

Қиял, **асыл арман** – тәтті алмалар,

Татпаған бар алманы, татқан да бар (Әрқашанда қадірлі ақ таң маған, 67 б.).

Ақын өлеңінде, адамның асыл арманын тәтті алма секілді көрсете отырып, сол арманға жеткенде бар, жетпегенде бар дейді.

Өтіп жатыр көп қызық **қойлы ауылда**.

Жиі барғым келеді шилі ауылға (Ойлануға уақыт жоқ той баруға, 71 б.)

Ақын, уақыттың тоқтаусыз жүріп жатқандығын, тіпті ойлануға уақыттың тапшылығын, сонымен қатар балалық шағы өткен қойлы ауылға барғысы келетінін сағынышпен білдіреді.

Жапырағымды сиретті сол жел, **суық жел**,

Қиянатқа бір қиып жіберсе қиын ба ел.

(Күнді де санап, айды да санап, жыл санап, 73 б.).

Ақын, жапырағымды сиретті сол жел, суық жел деп, ақын жанын тусінбейтін, қиянатқа қиып жібере алатын адамдардың іс-әрекетін бейнелейді.

Бір **сары тон** тіктіріпін түсімде

Қара суық Алматыға жоламай,

Күн біртүрлі тотығады бұлдырып.

Ақын, сары тон тіктіріпін түсімде деп, сары тонын жақсылық нышаны етіп алған, Алматының қара суығынан қашқан, тек жақсы жолға киетінін айтады.

Сары тонды кию үшін, Арқаның

Суық қысы керек шығар, Тұманбай (75 б.).

Ақын, сары тонын жақсылық нышаны етіп алған, бірақ ол тон суық қысқа төзімдікті көрсетеді.

Ақын өлендеріндегі теңеу қолданысына тоқталар болсақ.

Белгілі бір халықтың көркем әдебиеті басқа халықтардың әдебиетінен, ең алдымен, өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық характердің ең басты көрсеткіштері. Бұларсыз ешбір ұлт әдебиеті өмір сүре алмайды. Көркем әдебиет үшін, әсіресе, ұлттық тілдің маңызы зор.

Түрдің өзінің көріну тәсілдері, жүзеге асу жолдары, өмір сүру заңдылықтары болады. Сол түрдің көріну тәсілдерінің бірі – теңеу категориясы. Теңеу категориясы – бүкіл бейне-

леу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да бастауын осы теңеуден алады (Қоңыров Т., 1978, 3 б.).

Зерттеуші-ғалым Есқараева А.Д. өзінің «**3. Шүкіровтің поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар**» атты диссертациясында:

Теңеуді шығу тегінен бастап стилистикалық қызметіне дейін зерттеу жүргізген орыс ғалымдары А.Г. Рубайло, А.Н. Веселовский, Б.В. Томашевский т.б. еңбектерінің ғылыми маңыздылығы зор.

Қазақ тіл білімінде теңеу жан – жақты зерттелген. Қазақ тіл білімінің тұңғыш зерттеушісі А. Байтұрсынов «Теңеу заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей – ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді» деп көрсетеді.

М. Серғалиев «теңеудің стильдік қызметі әр алуан, бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады» деп, теңеудің көркем әдебиет тілінде алатын орнын айқындайды.

Қазақ тіл білімінде теңеуге толық талдау жасаған ғалым – Т. Қоңыров. «Қазақ теңеулері» атты ғылыми монографиясында теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын: жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан – жақты қарастыра отырып, теңеуге мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды – экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» – дейді. (Есқараева А.Д. 3. Шүкіровтің поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар: филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2003, 8 б.).

Қазақ теңеулерінің грамматикалық табиғаты жөнінде пікірлер (зерттеулер) жоқтың қасы. Дегенмен, кейбір оқулықтар мен монографиялық зерттеулерде белгілі бір ақын – жазушының шығармаларындағы теңеулер және олардың жасалу тәсілі жөнінде айтқан бірлі – жарым пікірлер жоқ емес.

Ғалым Қ. Жұмалиевтің білдірген пікірі бойынша, қазақ теңеулерінің жасалуының үш түрлі тәсілі бар: бірінші, -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтары арқылы, екінші, -ша, -ше жұрнағының көмегімен, үшінші – секілді, сияқты, тәрізді сөздері. Қ. Жұмалиевтің бұл пікірі дұрыс болғанымен, теңеудің жасалу тәсілдерін түгел қамти алмайды.

Кетгіндер-ау көзіме бір көрінбей,
Жақынсыңдар Есігім, Түргенімдей
Көңілім бар сендерде айта алмаған
Алма ағаштың осынау **гүлдеріндей**. (Бала күннің достарына, 11 б.).

Ақын, бала күнгі достарына деген сағынышының арта түскендігін, көргісі келетінін, сөйлескісі келетінін, айтатынының алма ағаштың гүлдеріндей көп екендігін айтады.

Бәріңнің де төрінде мен отырғам
Періштедей, аспаннан жерге түскен (12 б.).

Ақын, бала күнгі достарына деген сағынышын айта келіп, өзін достарына періштедей қамқоршы етіп көрсетеді.

Ішімде де көретін бардай көзі,
Байлығым да бақытым **балдай** сөзі. (Түн оянды, мінеки, таңға ұласып, 18 б.).

Жанға жылы тиетін, тіл қатқанда қуанышқа бөлейтін адамның сөзін, бақыты әрі байлығы деп санайтын ақын, балдай тәтті етіп көрсетеді.

Шағаладай аппақ боп алдымда тұр
Мен аңсаған арманның үйі міне. (18 б.).

Ақын, ұнатқан жанының үйін ақ шағалаға теңейді.

Болашақты жасымда болжадым ба

Жас кезінде жанымнан қалмаушы едің,

Көлеңкемдей көлбеңдеп алдымды орап (20 б.).

Жас кезімде адамдар ісіме қарап, жанымнан көлеңке сияқты қалмаушы еді, "енді бари кайда?" деген сұраққа ақын жауап таба алмайды.

Өзіміздің Сапаргүл **келіндей** боп,

Көтере біл ту ғылып күйеуінді.

Сен қартайсаң, Күлтәй-ау, боздаймын мен

Жүк артудан босаған кәрі **нардай** (21 б.).

Ақын жас кезде тынбай еңбектенетін, ал қартайғанда шаршау басып, көп істен босатылатынын, жүк артудан босаған кәрі нардай деп, теңеп көрсетеді.

Қали аға ескерткішіне

Аңқылдаған **желдей** көңіл, желбіреген ту көңіл,

Сөйлесуші ек біз екеуіміз тіл қатқандай гүлге гүл (25 б.).

Ақын, өлеңде, Қали аға ескерткішінде отырып, онымен тілдескендей болады, бұрынғы кезді еске алып, екеуіміздің де көңіліміз желдей аңқылдаған дейді.

ҚазМУ ана- қызыққа да сен байсың,

Қыран құстай бұлтты жарып самғайсың (ҚазМУ- де өткен наурыз тойында, 42 б.).

Ақын, ҚазМУ - ды алып құс қыран құсқа теңей отырып, оның биік тұрғанын көрсетеді.

Аппақ гүлдер жауып өткен **ақ қардай**,

сәл маужырап күн көзіне еріп тұр (Өрік гүлдеп, 53 б.).

Ақын, өсіп тұрған ақ гүлді, енді ғана жауып, жердің бетін жапқан ақ қардай етіп көрсетеді.

Әндеріңе елтуші едім, желпуші едің **самалдай**,

Түу алысқа бастайтұғын қуанышқа далам бай (Әсет десе..., 60 б.).

Ақын өлеңде, Әсет ән айтқанда, ерекше көңіл-күйге бөленіп, әсер алатынын, самалдай желпуші едің деп көрсетеді.

3. Қорытынды.

Ақын жырларын оқып отырып күллі дүниені ту сыртынан құшақтағың келеді. Періште қанатындай аппақ, мамық шудалы бұлт, майда, алдымен жүрегіңнің терең қабатынан өріп шығып, әпсәтте бүкіл көкжиегіңе дейін жайылып, өз көңіл аяң мен қиял қуатың жетіп үлгірмеген, шексіз әлемге қарай самғай жөнеледі. Жүрегіңде жылылық пен сұлулық ғана қалады.

Әдебиет тізімі

Ескараева А.Д. 3. Шүкіровтің поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар: филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2003. – 23 б.

Есіркепова К.К. 1960 –1980 жылдардағы әйел–ақындар поэзиясының тілі (Ф. Оңғарсынова, М. Айтқожина, А. Бақтыгереева, К. Ахметова шығармалары негізінде). – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010. – 153 б.

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 352 б.

Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал–мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ф. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде). – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010. – 180 б.

Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1978. – 192 б.

Молдағалиев Т. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 том. Жадымдасың, жастық шақ. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 384 б.